

Тақырып: БМЖГ сабағын өткізуге арналған сабақ әдістерінің түрі

Орындаған: Өмірзақова Қ

Факультет: МПИ

Курс: 4


Қабылдаған: Текманова А

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз», - деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр.


Педагогикалық жаңа технология – іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ол дара тұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер. Ендеше педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқытумен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі, технология – ақырғы мақсатқа жететін әрекеттер жүйесі. Жаңа педагогикалық технология студенттің жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор.

Әдіс түрлері

Белсенді әдіс – сабақ барысында оқытушы мен студенттің белсенді өзара әрекет формасы негізінде анықталып, студент тыңдаушы емес, белсенді қатысушы роліне еніп, оқытушымен бірдей деңгейде сабаққа атсалысады.



Белсенді әдіс пен интербелсенді әдіс арасында айырмашылық бар. Интербелсенді әдіс белсенді әдіске қарағанда ауқымы кеңдеу, бұл әдіс тек қана оқытушы мен студент арасында белсенділікке ғана студент пен студент арасындағы өзара пікірталасқа, ой бөлісуге, өзара бірлесіп негізгі мәселелерді шешуге бағытталған. Интербелсенді әдіске негізделген сабақта студенттерді сабақ мақсатын шешуге бағыт беріп отыру, ал оның белсенді орындаушылары студенттер. Интербелсенді әдісті төмендегі сызбаға негіздеуге болады.




Сабақтың мақсаты

Бұл жерде тек бір ғана студент мұғалім болмайды, барлық студент бірдей атсалысады яғни студенттер мен оқытушының рөлі ауысады.

- 1) Студенттің ізденісі
- 2) Топтардың бірігіп жұмыс жасай білуі
- 3) Сабақты жүргізе отырып, оқытушылық, ұйымдастырушылық, тапқырлық сында қасиеттерді бойына сіңіру
- 4) Оқытушы мен студент арасындағы қарым қатынасты жақсарту

Оқытушы



Студенттер

Бірінші топ

Екінші топ



- * Студент теңдей екіге бөліну арқылы
- * Үй тапсырмасына дайындалып келіп ортаға салып айтады
- * Әр топ сабақты екі жақты алып жан жақты талқылайды. Яғни бір сабақты алсақ, Балалар мен жасөспірімдердің қолданылатын заттарына қойылатын гигиеналық талаптар болса топ бөліп сабақты түсіндіреді

Сабақ барысы

Бірінші кезең

- 1 топ өз сабағын толық жүргізіп шығады (жеті мин)
- 2 топ өз сабағын толық жүргізіп шығады (жеті мин)

Екінші кезең

- Кері байланыс
- Кері байланыс

Үшінші кезең

- Оқытушының сабақты бағалауы . Қорытынды
- Оқытушының сабақты бағалауы. Қорытынды

Сканворд
анограмма

Ойын
түрінде түрлі
қызықтар
ұйымдастыр
ылады

Кері
байланыс

Сөзжұмбақ,
ребус

Тест, сұрақ
жауап



Сонымен, қоян-қолтық қарым-қатынаста өтетін бұл сабақтағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, тек қана жаңа білім игеруге жағдай жасап қана қоймай, сонымен бірге таным үдерісін ынтымақтастық пен бірлесу деңгейлеріне көтереді, яғни интелектуалды оқуда қарым-қатынас пен диалог танымның басты құндылықтарына айналады.

Қосымша дерек

Сабаққа әртүрлі тәсілдер мен құралдарды қолдану арқылы үнемі жаңалықтар енгізіп отыру.

Бұл жәйт үйренушілердің назарын білім игерудің қиыншылықтарынан оның қызықты жақтарына аударады, оларды ынталандырады, еркіндік береді. Үйренуде (білім беру үдерісінде) негізгі сұрақ «Неге үйрету?» емес, «Қалай үйрету/үйрену?» болғандықтан, әдістемелік тұрғыдан студенттерге қызықты үйрену тәсілдерінің (ойсергектер, топқа бөліну тәсілдері) жаңа түрлерін ұсынып тұрған жөн.

Әр сабаққа студент «Бүгін нендей жаңалықтар болар екен? Қандай жаңа тәсілдермен танысып, жұмыс жасар екенбіз?» деген оймен ынталанып келсе, құба-құп болар еді. Әрине, студенттер тәсілдер көмегімен жұмыс жасауға әбден көндігіп алғаннан кейін (мәселен семестрдің екінші жартысынан бастап), оларға жаңа тәсілдерді өз тарапынан келтіру тапсырмасын беріп отырған дұрыс. Осы арқылы студенттердің шығармашылығын арттырып, оларды сабаққа белсенді түрде қатыстырудың жоғары деңгейіне көтерілуіміз сөзсіз.

